# Қайырымдылықты дамыту мәселелері жөніндегі кеңес туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2018 жылғы 2 наурыздағы № 24-ө өкімі.

**Қайырымдылықты дамыту мәселелері жөніндегі кеңесі туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қайырымдылықты дамыту мәселелері жөніндегі кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің мақсаты қайырымдылықты дамытуға ықпал ету болып табылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі болып табылады.

5. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

**2. Кеңестің міндеттері**

6. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін Кеңес мынадай:

1) елдегі қайырымдылықты жетілдіру және дамыту жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу;

2) қайырымдылық жасаушылар ұсынатын жобалар бойынша ұсыныстар әзірлеу міндеттерін іске асырады.

**3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру**

7. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы мен тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.